

А. СЕЙДІМБЕКТИҢ “КҮЗЕУДЕ” ПОВЕСІНІҢ ДАРАЛЫҚ СИПАТЫ

<http://www.enu.kz>

Әдебиет қашан да ұлттық-азаматтық сана-сезім мен ұлттық мораль қалыптастырушы гуманистік қасиеттің жаршысы міндеттерін атқарады. Шын мәніндегі әдеби шығарма игі ниетті халықтарды бір-бірімен таныстыратын дәнекер. Осы тұрғыдан келгенде нағыз көркем туынды эмоциялық әсерлі сезім сыйлаумен қатар, сол ұлттың ұлағатын, азаматтық-адамгершілік игі дәстүрлерін, тамаша қасиеттерін жеткізетін қоғамдық-философиялық ойдың көркем формасы екені мәлім. Біз қаламгер шығармаларынан көкейіңе жылылық, жүрегіңе жақындық әкелетін өзгеше бір қасиетті сезінеміз. Бұл жазушы стиліне тән орнықтылық, даралық сипат болса керек.

А.Сейдімбектің “Күзеуде” повесіндегі негізгі кейіпкерлер - Ршыман, оның әйелі Уәкила, баласы Құдайменде, Торғын. Хикаят күздің көрінісін суреттеуден басталады: “Сарыарқаның саумал иісті, сары ала жапырақты күзі еді. Бұл кездің жер бауырлап жатып алатын қорғасын бұлты да, көк иық етіп ұзақ сілбілейтін жауыны да бой жаздырмас ызғарлы суығы да әзірше білінбей тұр. Оның орнына күзгі таңның хабаршысындай болып басталатын майда леп күн арқан бойы көтерілгенше толқи есіп, күй сазындай көңіл сергіте тербеумен болады. Осы сәтте әбден бояуы қанған табиғат қыс түспей соңғы рет дәурен күйін шертіп қалғысы келгендей малына құлпырады” [1,3-б]. Әрине, күздің табиғаты былайша мамыражай болып тұра бермесі белгілі. Оның сүйектен өтер қара суығы, адамды мезі ететін сылбыр жаңбыры мен сұрқай күні алда. Осы мезетті автор жайдан жай алып отырған жоқ. Бұл уақытша, алдамшы сәт қарттық жеткенде ойы мен көңілі бұзылған Ршыманның жағдайына дөп келеді. Үй ішін жайлаған үнсіздік пен салқын қабақ алда болатын бір жағымсыз оқиғадан хабар береді. Сөйтсе де ұзақ отасып бір-біріне сыралғы жандар әліптін артын бағып, әлі бет жыртыса қойған жоқ.

Оқиғаның бәрі жылқысын іздеп жүріп, “Лесник” қыстауына келгенде, мінген аты қада ағашқа сүрініп, шынтағын жаралап алған сәттен басталады. Орманшы Әубәкірдің әйелі Торғын төрт жасар баласымен жалғыз отыр еді. Күйеуі осыдан бір жыл бұрын аз ауырып қайтыс болады. Торғынның ағасы Жақып көшіріп әкелейін дегенде “жылын өткізейін” деп қалып қойған еді. Жараланған шынтағын танып, шай беріп аттандырған Торғынға Ршыман сол кеште қайта оралады. Осыдан бастап, олардың арасында қимас бір қарым-қатынас орнайды. Екеуінің арасындағы бұл байланыс соншалықты нәзік, ынтық сезімге айналған еді. Оны жазушы: “Сонда толған айдай жесір әйелге деген лып етпе құмарлық қызығуы емес, бір жұма көрмесе кәдуілгідей сағынып, құлазып, көзіне ештеңе ілікпей қоңылтақси берген соң келетін. Торғын да Ршыманға кәдуілгідей бауыр басып, еті үйреніп, оның шыншыл пейілінен қанағат тапқан соң келуін күтіп, елендеп жүретін болған” [1, 13-б], - деп суреттейді. Ршыман бұл тірлігінің осы жасында өрескел екендігін сезеді. Сөйте тұра, Торғын өзінің сәби күтетінін айтқанда, дегбірі кетіп, есеңгіреп қалады. Үш ұлын соғыс жалмады, екі қызы есейіп қалғанда қайтты. Қалғандары қиын-қыстау кезеңде туғаннан ба, жастай шетінеді. Құдайменде - ең кенжесі. Ол да тұрмай ма деп қорыққан Ршыман баласының кіндігін балтамен өзі кеседі. Сөйтіп, жалғызының тілеуін тілеп қалғанда, Торғынның жүкті болуы шынында да есеңгірететіндей қуаныш еді. Осыдан кейін “Лесник” қыстауына баруын да жиілетіп, баласы мен әйелін қыстауды ертерек қамдай беруге жібергісі келеді. Ршыман оларға үйге жапсарлас салынған шошаланы жөндеп, ішіне үш құдық пеш алу керектігін де тапсырады. Ондағы ойы кейінірек көмекшінің жоғын сылтауратып, Торғынды көшіріп алу еді.

Шағын жанрда кейіпкердің сюжетке қатысуы негізінен бір желіде болады. Қаламгер шығарма құрылымындағы баяндау ситуациясын шектеулі уақытқа құрады. Сондықтан да кейіпкердің мінезіндегі өзгеру немесе қайшылықты көрініс оқиға өрімінде көзге бірден

шалынып отырады. Қаламгер Ршыманның аз уақытта өзге күйге түсуін бірден байқатады. Ол сырт көзге томырық, салқын мінезі бар адам. Енді тіпті де ой иектегіш, тұйық болып алды. Кейде сабыры кетіп, ұрлық қылғандай қуыстанса, кейде қиянат, зорлығы болмаса, неден жасқанам деп өз-өзін қайрайды. “Ршыман қанша ой жады болғанымен осының бәрі де мезгілсіз келген махаббат шарпуы екенін сезбеді. Тіптен, осынау ұзақ өмірінде әйел затына бұлайша ынтық болып көрмегенін, жүрек шіркіннің ағыл-төгіл төгіле бір ақ рет балқитынын, сол балқудың сәті кештетіп келгенін ойлап та көрген жоқ. Мұнысын “махаббат, ғашықтық” деп бағалауға жүрегі дауаламайды. Тіптен күрсіне отырып өз ойынан қолайсызданғандай болады. Бірақ бұл тірлігінің оғаштығын бар болмысымен қанша сезінсе де күн өткен сайын Торғынға деген аяулы сезімнің құлына айналып бара жатты” [1,17-б]. Жалпы, мінезі сабырлы, кісілігі де жеткілікті Ршыман қаншама уақыт отасқан жұбайын мұндай көңіл алағызуына қимайды да. Сөйтсе де қанша қиналып, толқыса да Уәкиламен бет ашысуды жөн көреді. Уәкила: “Бұ тоқсан көремін деген жасым ба еді, быламық татамын деген асым ба еді”, дегендей, мұндай масқараға кездесем деген ойымда бар ма... Бұған дейін көрдім деген қоқайым жырдың күйі екен ғой. Тарықсам да, жабықсам да сырдың суы тобығымнан келмей, өзінді тірек етіп жүргенде, көрсеткенің осы болса, бұл тірліктің не бағасы қалды?”-деп, өкси шағымданады» [1,18-б]. Бұл сөзге пейілі құлай құптаған Ршыман да: “... Саған тағар еш кінәм жоқ. Өзіңмен отасқан ұзақ өмірімде жанашыр жақындығыңнан басқа, жатсынар мінезіңді көрген емеспін. Шүкір, етегің құтсыз болған жоқ, туып сүйініп, өліп күйінбеген де бар. Өзіміз тудық сүйіндік, өлді күйіндік, енді қалғанына қанағат. Сөйтсе де жалғыздық құдайға ғана жарасқан. Балаңның өкшесін басып, соңыңнан апалап жүретін бір жас иіс болса оның несі айып! Құдайдан жасырмағанды адамнан жасырып болмайды екен, тәңірім талайыма не жазса да, бір іске бел буғаным рас. Ақталып отыр деп ойлама, алдыңнан өткені деп қабылда” [1,19-б],- деп суырыла сөйлеп, ағынан жарылады. Ақыры Торғынды көшіріп ап, Ршыманның жаны жай табады.

Автор адамдар арасындағы кірбің, қақтығысты айту үстінде табиғатпен астастыруды да назарынан тыс қалдырмайды. “... Қоңыр күздің жанға рахат маужыр күндері зымырап өтіп жатты. Табиғат шіркіннің осынау бір ашық-жарқын саумал шағы малға да, адамға да келер күннің қатал суығы барын ойлатпаған еді” [1,22-б]. Әрине, бұл жандардың көңіл түкпірінде мазасыздық, алаңдау жоқ деуге болмайды. Ршыман түс секілді болған сезімнің өңінде болғанына қуанып, ұзағынан сүйіндіруін тілек етсе, Торғын бұл жайына разылық танытқанымен, келер күнін, күні ертең Уәкиламен қалай кездесетінін ойлап, мазасызданады. Шынында да Уәкиламен бетпе-бет келетін сәт жетеді. Ішкі мұң-шерін армансыз ақтарып, кінәласу сөзінен соң: “Мені қойшы: тулармын да бастығармын, жылдармын да жұбанармын, әне бір жалғыз ұл болмаса...” [1,26-б] көнген қалып танытып, аттанып кетеді.

Бұл дәуреннің ұзаққа созылмасын Ршыман да, Торғын да іштей сезетіндей. Сондықтан болар, олардың көңілдері алаңдаулы еді. Осы тұста табиғат та өзгеріп сала береді: “Жер бетін бозарта жапқан боқыраудың қырбығын күн нұры шалған соң, осынау қоңыр леп елеусіз ғана тынушы еді, бүгін өйткен жоқ. Керісінше, күн көтерілген сайын бірте-бірте екпін алып, ызындай соққан суық жел келіп қалған қыстың деміндей ызғарын үдете түсті” [1,27-б]. Ақыры Торғынды ағасы көшіріп әкетеді де, Ршыман күңіреніп қала береді. Осы шағын шығармада қаламгер Ршыман ақсақалдың көңіліндегі оқыс туған сезім сәтін шыншылдықпен қызғылықты баяндайды. Торғынға ынта-ықыласы ауған Ршыманның жан күйзелісі күзгі табиғатпен астарлана суреттеледі де, қартайғанда “өзгерген”, өмірінің көбі кетіп, азы қалған кейіпкердің әрекетіне кешіріммен қарайсыз.

Осы шығарма туралы ақын С.Ақсұңқарұлы: “Сейдімбеков суреткер. Хас суреткер қандай қоғамдық система, нендей жалмауыз цензор қасқая қарап тұрса да, өзегін өртеген ШЫНДЫҚТЫ көркем ойға бөлеп, көз алдына тарта алады. Күшеншек “жалған” жазушы қолындағы қаламын қанша жерден сүйрендеткенімен, Суреткер көтерілген биікке көтеріле алмай өмірден өтіп жатыр, өмірге келіп жатыр. “Күзеуде” - Ақселеудің перзенті.

Мұнда исі қазаққа деген риясыз көңіл-күйі, алты Алаш атаулыға деген асқақ махаббаты көзге ұрып тұр”[2], -деп тебірене пікір білдіреді.

Көркем уақыт әдебиеттану ғылымында негізінен екі аспектіде қаралған. Эстетикалық сана үшін уақыт ұрпақ, дәуір мен адамдар арасындағы байланыстың және қозғалыс пен дамудың, өзгерістің көрінісі. Алайда кейінгі жылдары осы екі бағыттың үндесуі байқалды. Егер кең түрде алсақ, кеңістік дегеннің өзі шартты. Себебі, көркем шығармада бейнеленген кеңістік көп жағдайда шығармашылық ойлауға, қаламгердің фантазиясына, көзқарасы мен дүниетанымына байланысты. Сондықтан, автор өзіне жақын дүниені өзінің қабылдауында кең немесе тар шеңберде береді. Осыған байланысты автор бір оқиғаны жеңіл, үстіртін, шолу түрінде, кейбірін терең, толық суреттеп жатады. Осы ретте кеңістік шеңбері ұлғаяды немесе тарылады. Мәселен, халқымыздың тұрмыс-салтын бір ғұрыптың орындалуы арқылы да, бірнеше түрін кең суреттеу арқылы да жеткізуге болады. Соған сәйкес кеңістікті толтыратын оқиға мен адамдар әр қилы болады. Көркем кеңістік шынайы дүние ретінде географиялық сипатты иеленеді. Қаламгер А.Сейдімбектің кейіпкерлері кей кезде уақыт ырқына бағынғысы келмейді. Өздерінің жүрек қалауындағы сезімге ерік беріп, бір сәт адамға тән бақыттың дәмін татуға бел буады. Осыған табан тіреген Ршман: “Тәңірім қадамыңды қайырлы, құтты қылсын, Торғын. Өзіңе ғана айтқан имандай сырым ғой осы жасқа келгенше дәл қазіргідей пендеге лайық зор қуаныш кешкен емеспін”[1,26-б],- деп ағынан жарылады. Өзінің шешіміне риза қалып танытады Бұл жас емес, жер ортасына келген адамның ағынан ақтарыла, қуана айтқан сыры. Адам ретіндегі өзіндік, ішкі сезім қабатындағы жеке сырын ашуы. Әрі болашақ ұрпағымның анасы, жарым деп айтқан сыры.

Жүсіпбек Аймауытовтың айтуынша, әрбір адамда үш «мен» болады [3, 259-б]. Мұның біріншісі – мендік “мен”. Екіншісі – меншік “мен”. Үшіншісі - әлеуметтік “мен”. Жазушының дәлелдеуінше, адамды тұтас әрі толық тану үшін осы үш “менді” де тығыз бірлікте, тұтастықта қарастыру керек. Адамды, адамның жанын зерттеген кезде, әсіресе, мендік “менге” айрықша көңіл бөлген жөн. Өйткені, адамның “жан дүниесінің шын суреті”, “әр қилы ықтиярсыздықтары”, “жанның дәйімгі, орнықты халдеріне ұқсамайтын тосын күйлері, кейде кенеттен жолығатын соқпа халдері”, “құлпырмалы күйлері”, “жүректің асыруға да, жасыруға да болмайтын шын халдері”, “жан құбылыстарының күйі мен реңі”, “адамның өзін-өзі іздеген халі”, “санамен білінетін заттардан басқа, бір көмескі, мәлімсіз қуат арқылы білінетін ойлары”, “кейде не себепті, қайдан шыққаны мәлімсіз төтенше ойлары”, “біздің санамызға ғана байланысты, санамыздың екінші бір дәрежесіне байлаулы жатқан, санамыздың ар жағындағы мұнартқан санасыздық дүниесімен байланысып жатқан сезімдеріміз”, “жанның әрбір толқынды, жүректің терең сырлары”, “жан дүниесінің жалпы ағыны” осы мендік “менде” көбірек көрініс береді. Сондықтан да адамның жанын терең ашу үшін осы мендік “менге” ерекше мән беру керек.

Өмірді танып-білу, адамның табиғатына үңілу қоғамдық талаптың биігіне көтеріліп, өз айналасының ұлттық сипаттарын ашу, характерлердің жанды, нәзік сырларын тауып, қай тақырыпта жазса да, ол халқының бағалы мұрасына айналатындай болғаны жөн.

Сырт қарағанда өзімізге таныс, өмірде жиі кездесетін қарапайым ғана оқиғаны ала отырып, жазушы шеберлігі осы шағын оқиғаны үлкен философиялық мәні бар көркем туындының негізіне айналдыра алуынан көрінеді. Бұл жерде жазушының жүрек сыры, тебіренісі, айтылар ойдың мәнділігі, көздеген мақсатының айқындылығы өте маңызды. Автор ойы кейіпкер ойымен үндесе өріліп, оқиға өрісіне араласатын басқа да кейіпкерлердің сөзімен айқындала түсу керек. Көп жағдайда авторлық «мен» кейіпкердің «менімен» тұтасып, бірігіп кетеді.

Жазушы А.Сейдімбектің өмірдің әр тарапты құбылыстарын тоқайластырып, тұтас көркем дүние жасауға деген ұмтылысы шығармаларынан айқын байқалады. Өмірдің диалектикалық байланысы мен адамның кәдімгі тірлігі көркем бейнеленген.

Жазушының кейіпкерлері даланың тыныс-тіршілігін бағып өскен жандар. Олар даланың әрбір құбылысын тап басып, оның әрбір маусымдағы тірлігін, өзгерісін жіті

бақылайды, солардан өз байламдарын жасап отырады. Содан да қаламгер бейнелеген кейіпкерлер ойға, пайымға бай, дүниетанымдары терең, сөзге жүйрік, көшелі. А.Сейдімбектің әңгіме-повестері белгілі бір желіге, жүйелі тақырыпқа құрылады. Өйткені, жазушы ең алдымен өмір шындығын, көрген, сезген етене тақырыпты нысан етеді. Автор шығармаларының тақырыптық-идеялық, жанрлық, көркемдік қуаты бір-бірін толықтырып отырады. Суреткердің көркем бейнелері ұлттық, көркемдік-эстетикалық жағынан, ұлттық сана мен ойлау жүйесі тұрғысынан астасып, орайласып, оның қаламгерлік шеберлігін айғақтайды.

ӘДЕБИЕТ

1. Сейдімбек А. Аққыз. Повестер мен әңгімелер. Алматы: Атамұра, 2002. 288 б.
2. Ақсұңқарұлы С. Алаштың Ақселеуі. // Орталық Қазақстан. 2. 11. 1992.
3. Аймауытов Ж. Психология. Алматы: Рауан, 1995. 312 б.